УНИВЕРСИТЕТТІҢ МЕРЕЙТОЙЫ 8-9 БЕТТЕ

ГАЗЕТ 2001 ЖЫЛДЫҢ 2 СӘУІРІНЕН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті

www.psu.kz

Білік

№ 1 (174)

29 қаңтар, 2015 жылы

ҒАЛЫМ ОЙЫ

Естай ЖҮСІПОВ,
т.ғ.к., С.Торайғыров атындағы ПМУ доценті

Қазақ хандығының құрылғанынан бастап басынан өткерген өзгерістер мен тарихи уақиғалар ел тәуелсіздігіне өте зор үлес қосты. Қазақ хандығы қазақ халқының жеке халық болып шығуынна себепші болды. Бүгінгі тарихшылар қазақтың тілі, мәдениеті, тарихы, әдебиеті көптеген түркі тілдес халықтардың ортақ тарихымен, яғни, ежелгі, орта ғасырлық тарихымен ажырамас бірлікте екенін айтады. Ал «қазақ» деп бөлінуміздің себебі саяси алауыздықтардың нәтижесі, тарихи уақиғалардың барысы десек болады. Этникалық тарих жағынан қарайтын болсақ, Қазақ хандығының құрамында болған тайпалар бүгінде көп халықтардың да құрамында бар. Бұған дау туғызуға болмайды. Және жазба әдебиеттерде, әсіресе, Қытай, Иран сияқты отырықшы елдердің деректерінде қазақтың арғын, найман, қаңлы, қыпшақ, керей барлық рулары жайында айтылады. Олардың Иранға, Қытайға жасаған жорықтары барысында осы аты аталған тайпалардың өкілдері сол ел өкілдерімен кездесіп отырған. Әсіресе, олардың біршамасы сол жақта қалды, сол халыққа сіңісіп кетті, тек азшылық бөлігі ғана кейін қайтты. Ал бүгінгі Қазақстан территориясында қалып қойғандары «қазақ» деген атаумен жеке өзінің тәуелсіздігін сақтап қалды. Және өздерін қазақпын деп есептейді.

Біздің жеке халық ретінде сақтанып қалғанымыз Ресейдің отарлау саясатының ұлтты толық жойып жіберуді мұрат етпей, қосып алуды, демек, жұтып алуды, ассимиляциялану үрдісін қолдануын мақсат етуі еді. Бұл отарлаудың Шыңғыс ханнан қалған әдісі болатын. Қалай болғанда да моңғол мектебі Ресей тарихынан орын алғанын Ресей ғалымдары бүгінгі күні мойындай бастады.

XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы үшін үлкен өзгеріс болады. Бұл өзгерістер қазақ халқы өздері бір жақты шеше алмайтын өзгерістер еді. Ол бір жағынан Ресейдің, екінші жағынан Қытайдың Қазақ хандығына көз тігуі. Қазақтарды басып алғысы келгендердің тағы бірі – жоңғарлар деп айтуға болады. Қаншама әсерлеп айтқанымен, Жоңғар хандығы Қазақ хандығын түгелдей өзгеріске ұшыратып жіберуге шамасы келмейтін шағын мемлекет еді. Қазақ хандығын түгелдей жүйесімен өзгертуге ықпал еткен Қытай мен Ресей сынды екі алпауыт мемлекет геосаясат ойын жүргізді. Қазақ хандығының билеушілері шамасы келгенше осы геосаясатқа қарсы шықты. Әсіресе, Қазақ хандығын билеген хандардың ішіндегі Абылай ханның саясаты өте табысты болды деуге болады.

Кейінгі саяси тартыстың нәтижесінде қазақ хандығы бөлшектенді де тарихи сахнадан таса болды. Әрине көп бөлігін Ресей басып алды да, аз бөлігін Қытай басып алды. Бұл тарихи заңдылық. Мықты мемлекет, әлсіз, саны аз халықтарды, мемлекеттерді басып алып, күшейіп жатады. Бірақ тарихтан байқап отырсақ, қазақтар ешкімге толық бағынып кеткен жоқ. Ылғи да қарсылық көрсетіп отырды. XIX ғасырдың ортасында Қазақ хандығының бүкіл жүйесі ыдырай бастағанда, соның өзінде де қазақ халқы саяси қарсылықты тоқтатқан жоқ, халықтың ұлттық санасы өшкен жоқ. Қарсылық рухани, баспасөз бетінде, ұлт-азаттық көтеріліс түрінде болса да болды. Патша өкіметі отарлау саясатын жүйелі жүргізіп отырса да, оны толық аяқтауға уақыты жетпей қалды. Солай деп айтсақ дұрыс шығар. Еліміздің бірінші дүниежүзілік соғысқа араласуы үлкен қателік болды. Нәтижесінде, екінші кеңестік өкіметі деген жүйе орнады. Кеңес өкіметі қазақ халқына сөз жүзінде бостандық бергенімен, іс жүзінде сол отарлау саясаты шеберлікпен жалғаса берді. Халық тарапынан жасалған қарсылық тоқтамағандықтан, 1991 жылы біз тәуелсіздікке қол жеткіздік. 1986 жылы желтоқсан уақиғасы – ол да қарсылықтың бір көрінісі. Былайша айтқанда, халықтың санасы отарлауға бағынып кетсе, ол халық басқа халыққа сіңіп кетеді де, өзін жеке халық деп есептемейді. Ал қарсылық болған жерде халық түптің-түбінде тәуелсіздікке жетуге мүмкіндігі бар. Сондықтан, Қазақ хандығын әлсіз болды, күшті болды деп айта алмаймыз. Ол өзінің функциясын атқарды. Ол қазақтардың жеке халық ретінде қалыптасуына, өзінің территориясын сақтап қалуға, мәдениетін, ғылымын, тарихын дамытуға негізін қалайтындай жағдай жасады.

6-7 бет

ЖИЗНЕННЫЕ КРЕДО АКСАКАЛА ЛИНГВИСТИКИ

5 бет

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІЛГІРІ

12 бет

ОДНА КНИГА. ОДНА РОДИНА – ВЕЛИКАЯ СТЕПЬ.

ЧЕТВЕРКА ЛУЧШИХ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ

Сразу четыре преподавателя Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова стали победителями конкурса на звание «Лучший преподаватель вуза» за 2014 год.

В ПГУ им. С. Торайгырова победителями конкурса и обладателями соответствующего гранта стали 4 преподавателя: Мухаббат Баратова – к.ф.н., доцент кафедры казахской филологии, Динара Есимова – к.п.н., заведующая кафедрой «География и туризма», Василий Криворучко – д.п.н., профессор кафедры «Математика и информатика», Антонина Царегородцева – к.г.н., профессор кафедры географии и туризма.

Конкурс «Лучший преподаватель вуза» дает возможность для реализации творческого потенциала и расширения международного сотрудничества, а также способствует повышению квалификации и профессиональной переподготовке специалистов в соответствии с требованиями международных конвенций по новым направлениям науки.

Профессор кафедры географии и туризма, к.г.н. Антонина Царегородцева признается: «Этот конкурс в первую очередь стимулирует преподавателей, дает возможность ученым идти вперед, работать над своим образованием и не останавливаться на достигнутом. Кроме того, это побуждает нас подниматься на новую ступень и отвечать всем международным стандартам образования».

По словам проректора по научной работе и инновациям Павлодарского государственного университета имени С.Торайгырова д.б.н., профессора Нурлана Ержанова, научная составляющая является очень существенной в конкурсе, а в ПГУ им. С. Торайгырова в этом направлении предоставлены самые широкие возможности. «За последние два года значительно увеличилось количество научных исследований по грантовому финансированию. К научным исследованиям активно привлекаются студенты, магистранты и докторанты вуза. Серьезно стимулируется публикация научных трудов в зарубежных высокорейтинговых журналах. Вторым не менее важным моментом является приглашение ведущих зарубежных ученых в Павлодарский госуниверситет в рамках программы МОН РК «Приглашение зарубежных ученых и консультантов в ведущие вузы Казахстана», что позволяет знакомиться с лучшим мировым опытом. В прошлом году свои краткосрочные программы в ПГУ отработали около 60 ученых престижных вузов мира».

Благодаря полученному гранту, ученые смогут успешно продолжить свои научные изыскания, так как победа в конкурсе «Лучший преподаватель вуза» предполагает зарубежные стажировки в ведущих университетах мира. Кроме того, победители в течение года будут участвовать в работе международных, республиканских научных конференций, симпозиумов, конгрессов, семинаров по теме научных исследований, по вопросам организации учебного процесса, что подразумевает совместные проекты и обмен опытом между учеными и специалистами в различных сферах образования.

ПЕРСОНАЛЬНАЯ ВЫСТАВКА В ОМСКЕ

В Омске проходит персональная выставка старшего преподавателя кафедры «Архитектура и дизайн» Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова, члена союза художников Казахстана Икласовой М.К.

Выставка, посвященная творчеству старшего преподавателя кафедры «Архитектура и дизайн» ПГУ имени С. Торайгырова, члена союза художников Казахстана Икласовой М.К., проходит в выставочном зале центральной библиотеки им. А.С. Пушкина г. Омск.

На экспозиции были выставлены серии картин-пейзажей из войлока «Мой Казахстан» и графические произведения из серии «Мукагали», посвященные творчеству Мукагали Макатаева. Всего было представлено 30 произведений.

По словам Майсы Икласовой, в организации персональной выставки большое содействие оказала председатель Сибирского центра казахской культуры Алтынай Жунусова. Выставка стала местом для обмена мнениями и общения с коллегами-художниками, соотечественниками, проживающими в г. Омске. В мероприятии приняли участие директор Омского художественного института, член союза художников России Кайыртай Амиргазин и Омский художник Амангельды Шакенов.

Консул Казахстана в г. Омск Ельдар Кунаев подчеркнул, что проведение выставки стало событием в культурной жизни наших соотечественников, поблагодарил Майсу Икласову за внесенный вклад в развитие культурно-гуманитарных отношений между Республикой Казахстан и Российской Федерацией и вручил благодарственное письмо.

В ходе выставки Майса Камысбековна провела мастер-класс для любителей живописи.

«ДЕНСАУЛЫК – ЗОР БАЙЛЫК»

В Павлодарском государственном университете им. С. Торайгырова стартовала спартакиада «Денсаулык – зор байлык» среди профессорско-преподавательского состава, сотрудников университета и ветеранов спорта.

Приветствуя на торжественной церемонии открытия соревнований парад участников, председатель спортивного клуба «Сункар» Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова Жаудат Аблеев пожелал спортсменам успехов в соревнованиях, удачной игры и победы в честном бою, а также подчеркнул, что по итогам данных состязаний будет сформирована сборная команда университета для участия в областных соревнованиях среди сотрудников образования и науки.

В соревновании принимают участие 9 команд из числа преподавателей и сотрудников структурных подразделений университета, а также ветераны спорта.

В упорной борьбе будут разыгрываться комплекты медалей по семи видам спорта: волейбол, перетягивание каната, настольный теннис, шахматы, гимнастическое троеборье у женщин, силовое троеборье у мужчин, стрельба из пневматической винтовки.

По итогам первых дней состязаний пальма первенства была отдана волейбольной команде гуманитарно-педагогического факультета. Показав яркую и результативную игру в перетягивании каната, «золото» завоевала команда факультета физики, математики и информационных технологий, также убедительно переиграв соперников в гимнастическом троеборье у женщин. О бескомпромиссности и принципиальности поединков свидетельствует и статистика: с разрывом в одно очко в стрельбе из пневматической винтовки победила команда факультета химических технологий и естествознания. По результатам соревнований первое общекомандное место завоевал факультет физики, математики и информационных технологий, серебро досталось факультету химических технологий и естествознания, а третье место за гуманитарно-педагогический факультетом.

ҒАЛЫМ ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНДЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғалымы, т.ғ.д., Ресей Жаратылыстану Академиясының (РЖА) корреспондент мүшесі, ғылым мен білім беру ісінің еңбек сіңірген қайраткері Нұргүл Смайлова ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің бұйрығымен «Машинажасау саласындағы құрылымдық материалдарды өңдеу» мамандығы бойынша профессорлық ғылыми атаққа ие болды.

Бүгінгі таңда Нұргүл Темірғалықызы «The Name in Science» Кавалері атағының және «Әлем ғылымына қосқан үлесі үшін» ордендік белгісінің иегері. Сондай-ақ, ғалымның есімі беделді ғалымдардың әлемдік реестріне енгізілген. Ал Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік консорциумының марапаттар жөніндегі департаменті Н.Т. Смайлованы әлем ғылым қауымдастығы алдындағы техника ғылымдарының дамуына қосқан үлесі үшін «Вильгельм Лейбниц» медалімен марапаттады. Сонымен қоса, Павлодар мемлекеттік университетінің ғалымы Нұргүл Темірғалықызы халықаралық «Science» ғылыми электронды журналының редакциялық кеңесі құрамына кірді.

Жоғары оқу орындар мен ғылыми ұйымдардың ғылыми кеңестері профессорлық атаққа ұсынған кандидатуралардың ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тағайындайды. Ал С.Торайғыров атындағы ПМУ ғалымы, профессор Нұргүл Смайлова өзінің металлдарды қысыммен өңдеу, металлдардың физикалық-механикалық өңдеуі, металл мен қорытпалардың пластикалық пішін өзгертуі үшін құрал-саймандар мен жабдықтар мәселелері туралы тың жұмыстарын терең зерттеумен көзге түсті.

С.Торайғыров атындағы ПМУ профессоры Нұргүл Смайлова өзінің ғылыми еңбегі барысында білікті мамандар мен тәжірибелі ғылыми қызметкерлерді дайындауда көп еңбек сіңірді. Оның жетекшілігімен механикалық және физикалы-техникалық материалдарды өңдеудің технологиялары мен құрылғыларының өзекті мәселелері турасында 2 кандидаттық диссертация қорғалды.

Бүгінде Нұргүл Темірғалықызының 75 ғылыми және ғлыми-әдістемелік еңбектері бар. Соның бірі ҚР БҒМ ұсынған 1 оқулық, 3 монография (LAP баспасы, Lambert Academic Publishing, Германия), шетелдік баспаларда жарияланған 13 ғылыми еңбектері, соның 4 мақаласы Томсон Рейтер компаниясының ақпараттық базасындағы (ISIwebofKnowledge, Thomson Reuters) халықаралық ғылыми журналында жарық көрді. Ал Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынуымен халықаралық шетелдік конференциялардың (Ресей, Польша, Белоруссия) материалдарында 12 патент және 23 мақалалары жарияланған.

Аталмыш ғылыми атақтың сәйкестелген куәлігі еліміздің әрбір білім беру және ғылыми ұйымдарында мойындалады.

Бетті дайындалған Жанар ЕЛЕШОВА

Ғылымға құштар жан еді...

Бүкіл саналы ғұмырын ғылым мен білімге, ұрпақ тәрбиесіне арнаған, артынан мол ғылыми мұра қалдырған ұлағатты ұстаз, майталман маман, техника ғылымдарыныңдокторы,профессор – Елмұратов Сембай Қайкенұлы жуырда ғана дүниеден озған еді.

Ол 1948 жылы 22 қаңтарда Павлодар облысының Ертіс ауданындағы Северное ауылында дүниеге келген. Осында орта мектепті бітіре салысымен, ол Қарағанды политехникалық институтына оқуға түседі. Оның ғылымдағы болашағы зор екенін байқаған институт оқытушылары оны 1971 жылы «Теориялық және құрылыстық механика» кафедрасына жұмысқа шақырады. 1972 жылы жас ғалымды біліктілігін арттыруға Киев инженерлік-құрылыстық институтының құрылыс кафедрасына жібереді. Курста жүрген кезінде Сембай аға сол тұстағы техника ғылымдарының хас шеберлері – Давид Вайнберг, Петр Варвака сынды ұстаздардан дәріс алды.

1978 жылдың желтоқсан айында «Құрылыстық механика» мамандығы бойынша аспирантураны тәмәмдап, 1980 жылы Свердловск қаласындағы Орал политехникалық институтында кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұдан кейін Сембай Қайкенұлы Қарағанды политехникалық институтында аға оқытушы, ал 1981 жылы «Құрылыстық механика және металдық құрылымдар» кафедрасының доценті болып қызмет атқарады.

Осы жылдары Сембай Қайкенұлы ғылыми зерттеулермен белсенді түрде айналысады. Ол ғимараттарды тексеру, нысандарды реконструкциялау, құрылыс құрылымдарын бекіту және т.б. техника саласының өзекті мәселелері бойынша Қарағанды мен Павлодардың үлкен кәсіпорындарымен шаруашылық келісім-шарт негізінде жұмыс жасайды. Яғни, ғалым өзінің тың зерттеулерін кәсіпорын қабырғаларында тәжірибеден өткізіп, өндіріске салуды мұрат етті.

1983-1992 жылдар аралығында ол құрылыс және сәулет саласындағы Республикалық ғылыми-үйлестіру Кеңесінің мүшесі, ал 1996 жылы Нью-Йорк Ғылым академиясының мүшесі атанады. Сембай Елмұратовтың ғылымдағы еңбегінен бөлек, ұйымдастырушылық қабілет-қарымын бағалап 1998-2012 жылдар аралығында «Өндірістік және азаматтық құрылыс» кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындайды. 2012 жылы университет әкімшілігі кафедрадағы елеулі еңбегін ескеріп «С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің құрметті кафедра меңгерушісі» атағына лайықты деп таныды. Ол кісі өмірінің соңына дейін осы кафедрада профессор қызметін атқарды.

2007 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап, Павлодар өңіріндегі құрылыс саласындағы техника ғылымдарының ең алғашқы докторы ретінде тарихта қалды. Бұның өзі де өңіріміздегі техника ғылымдарының қарыштап дамуына септігін тигізді.

Сембай аға ғылым мен педагогикалық қызметті ұштастыра жүріп, екі салада да табысты еңбек атқарды. Сондай-ақ ол «Металдық құрылымдар», «Құрылыстық механика», «Сандық әдістер және бағдарламалау», «Құрылысты есептеудегі қолданбалы әдістер» сияқты пәндер бойынша дәрістер оқыды. «Құрылыс» мамандығы бойынша білім алған магистрлерге жұқа қабырғалы құрылымдардың беріктігі, бекемдігі және динамикасы бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етті. «Кәсіби оқыту (құрылыс)» мамандығы бойынша 2 мемлекеттік стандартты оқу үрдісіне енгізді. Оның ғылыми зерттеу жұмыстарына жұқа қабырғалы құрылымдардың беріктігін, бекемділігін және динамикасын есептеудегі сандық тәсілді дамыту арқау болған. Ғалымның 200-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік құралдары жарыққа шықты, оның ішінде 2 монография, «Металдық құрылымдар» электронды оқулығы, 10-нан астам оқу құралдары, «Механика», «Сәулет және құрылыс» орысша-қазақша түсіндірме сөздігі және т.б. еңбектері көпшілікке қызмет етуде.

Сембай ағаның еңбектері республикалық деңгейде де тиісті бағасын алды. 2007 жылдан бастап 2010 жылға дейін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің құрылыс, көлік және сәулет саласы бойынша Бақылау комитетінің сараптамалық кеңесінің құрамында алдымен кеңес мүшесі, кейін Кеңес төрағасының орынбасары ретінде қызмет етті. 2012 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі болып сайланды.

Сембай Елмұратов С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде қызмет етіп жүрген шағында көптеген игі істердің бастауында тұрды. Оның жетекшілігімен білім орданың студенттеріне арналып оқу-әдістемелік кабинет ашылды. Сембай

Қайкенұлы құрылыс, көлік саласын қазақша сөйлеткен ғалым. Ол кісінің бірнеше оқу-әдістемелік құралдары қазақ тілінде жарыққа шықты. Сөйтіп Сембай аға осылайша сол уақыттағы мемлекеттік тілінде тапшы болған оқулықтар мәселесін шешуге атсалысты. Студенттерге арнап оқыту құралдарын, көптеген бағдарламаларды әзірледі. Қазіргі таңда осы бағдарламалар оқу үрдісінде қолданылып келеді. Сонымен қатар, бірнеше авторлық курстардан дәріс оқыды. Міне, осындай ерен еңбегі мен ғылымға қосқан мол үлесі үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасымен, «Қазақстан Республикасының білім беру саласының құрметті қызметкері» атағымен, С.Торайғыровтың алтын медалімен марапатталған.

P.S. Арамыздан өзі кетсе де Сембай Қайкенұлының артынан жұбайы Анна Федоровна, екі ұлы, үш немересі, ағаның мұрасы, ізбасар шәкірттері қалды. Оның жарқын да жайдары бейнесі жадымызда мәңгі жаңғырып қала бермек. Ал еңбектері келер ұрпаққа таптырмас ұстаз, айнымас дос болатыны анық.

Мәдениет СҰЛЕЙМЕНОВ

КІТАПХАНА – ОҚЫРМАН ҮШІН ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Кітапхана – ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан, шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің, байлық пен біліктіліктің киелі ордасы. Ал бүгінгі кітапхананы дүниеде ештеңеге теңестірілмейтін білім бұлағы мен тәрбиенің қазығы дейміз. Қиындығы мен қызығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін бірақ, дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп, қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбектері ұшан-теңіз. Қазіргі таңда оқырманның өскелең талабын қанағаттандыру, рухани байлығымен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапханалардың алатын орны ерекше.

Кітапханашы мамандығы өзінің өте қызықты да тартымдылығымен ерекшеленеді. Себебі, күн сайын жаңалыққа толы сәттер, яғни жаңа келген газет-журналдар, жаңа кітаптар және күн сайын білім іздеген оқырмандар легі. Осылай біздің жұмыс күніміз жалғасып жатады. Кітапханашының жұмысы жаңалыққа толы құмарлықтан басталады. Сөйтіп, кітапханашы мен оқырманның бірлескен іс-әрекеті жалғасады. Кітапхананың алдында өз оқырмандарына кітаппен, ақпаратпен жұмыс жасауға көмектесу, оқу мәдениеттілігіне тәрбиелеу міндеті тұр.

Кітапхана – дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Ал кітапханашы – кітапхананың қожасы, оқырманның ең жақын досы. Кітапханада қызмет атқаратын қызметкерлерден кәсіби біліктілікпен қоса жоғары этика талап етіледі. Сол сияқты, кітапханаға келетін оқырмандар әдептілік нормасынан алыс кетпеуі керек. Оқырмандар кітапхана шаңырағына келген сәтте өздерінің қандай жерге келгеніне баса назар аударуы қажет. Мысалы, кейбір оқырмандар кірген сәттен бастап қатты даурығып сөйлесіп, оқырмандардың шырқын бұзады. Көпшілігі ұялы телефондарын өшірмей келіп, оларға хабарласқан сәтте қатты сөйлесіп жауап беріп жатады. Жалпы қандай да бір әдеп, этика дегеніміз адамдардың бірімен-бірінің амандасуынан, сөйлеу мәдениетінен басталады.

Жақсы кітапханашы ойлампаз, парасатты, байқағыш, оқырманның мінезқұлқын білетін адам болып саналады. Кітапханашы мен оқырманның арасында негізгі рөлді кітапханашының педагогикалық этикасы атқарады. Кітапханашыға көп әңгімелесуге және кітапханада өтетін көпшілік жұмыстарды түсіндіруге тура келеді. Сондықтан бұл жерде кітапханашының сөз сөйлеу мәдениеті, мәнерлі сөйлеуі талап етіледі. Сонымен қатар, оның сыртқы түр-тұлғасы, өзін-өзі ұстауы, әдептілігі, кітапты алып беруде қалай жұмыс істеуі негізгі рөлді атқарады. Оның бір оқырманды тәрбиелей отырып, оған қызмет етуге, ал екінші жағы өз оқығанына есеп бере отырып, оны оқырманға жеткізу болып табылады. Сонда ғана кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда болмақ.

Айта берсек, кітапханада атқарылып жатқан еңбек аз емес. Мұның барлығы болашақ жастардың игілігі үшін екенін барлығымыз жақсы білеміз. Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы негізгі алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар десек қателеспеспіз.

А.Ж. Рустемова,

С.Торайғыров атындағы ПМУ академик С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапханасының кітапханашысы

Святки

Святками называются дни, расположенные между двумя православными праздниками – Рождеством Христовым (7 января) и Крещением Господним (19 января). Указанные события являются одними из главных христианских праздников: 1) рождение в городе Вифлеем у Иосифа и Девы Марии Богомладенца, Сына Божия, Спасителя мира и 2) крещение Иоанном Предтечей в реке Иордан тридцатилетнего Иисуса Христа, по совершении которого, когда Иисус выходил из воды, вдруг разверзлись над Ним небеса, Иоанн увидел Духа Божия, который в виде голубя спускался на Христа, а с неба был слышен голос Бога Отца: «Это есть Сын мой возлюбленный, в котором Мое благоволение».

ИСТОРИЯ СВЯТОК

Двенадцать дней после Рождества Христова называют святками, то есть святыми днями, потому что они освящены событиями Рождества. В первые три века христианства, когда гонения мешали свободе христианского богослужения, в некоторых восточных церквях рождественский праздник соединялся с праздником Крещения под общим названием Богоявления. Когда же они были разделены, то празднование распространилось на все дни – от Рождества до Крещения. Вторым Туронским собором в 567 году все они названы праздничными.

Святить двенадцать дней после праздника Рождества Христова церковь начала с древних времен. Указанием на это могут служить 13 бесед св. Ефрема Сирина, произнесенных им от 25 декабря по 6 января (по старому стилю), а также «Слова» св. Амвросия Медиоланского и св. Григория Нисского. Древнее двенадцатидневное празднование святок (δωδεχαημερον) подтверждается церковным уставом преподобного Саввы Освященного (умер в 530 г.), по которому во дни святок отменяется пост, коленопреклонения и запрещается совершение таинства брака. Венчания совершают уже после Крещения, ведь святые дни – период прежде всего духовной радости, а не только плотской.

Святки традиционно отмечались по всей православной России. Необычайно красочно, вкусно, весело, с пением колядок отмечали эти дни, особенно в деревнях среднерусских губерний и в Сибири. Основные святочные действа начинались вечером и могли длиться всю ночь. В народе святки – это именно святые вечера в память о событиях Рождества Спасителя, произошедших в вечернее и ночное время.

Одним из самых интересных обрядов, которым начинали православные святки, было колядование – хождение по домам группы молодежи, с пением песен, высказыванием пожеланий и возвеличиванием хозяев, которые одаривали колядующих вкусностями, сладостями. Кроме того, в древности в русском народе в Рождественский и Крещенский сочельник (канун праздника) принято было гадать, что являлось следствием языческих обычаев. С позиции христианской религии гадание недопустимо по многим причинам: оно является прямым контактом с темной метафизической силой, которая увлекает человека во мрак духовной и физической гибели; свидетельствует о сомнении в благости Творца, Который всегда желает спасти каждого из своих чад. Гадание свидетельствует о малой вере либо об отсутствии таковой вообще и зачастую – о богоборчестве человека.

КАК СЛЕДУЕТ ПРОВОДИТЬ СВЯТКИ

Это время хорошо посвятить близким, семье, детям и родителям, а также одиноким людям, у кого нет родных. Святые дни – особое время милосердия. Многие люди посещают в эти дни тюрьмы и больницы, детские дома и дома престарелых, устраивают рождественские концерты и поздравления. Ученики воскресных школ обязательно создают театральные сценки, постановки на рождественские темы и показывают их не только прихожанам церквей, но и своим сверстникам, прежде всего, страждущим, находящимся в детских реабилитационных центрах, в приютах, всем тем, которым особенно нужен Свет Вифлеемской Звезды – надежда, вера, любовь. Святки – это душеполезное время, так будем же всегда проводить их с пользой для тела, души и духа!

О. А. Иост,

профессор кафедры русской филологии

МӘШҺҮРТАНУ

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде 2004 жылдың мамыр айынан бері «Мәшһүртану» ғылыми–тәжірибелік орталығы жұмыс жасап келеді. Бұл орталық Мәшһүр–Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы мен өмірін зерттеу мақсатында ашылған. Он жылдық қызметінде орталық Мәшһүр атаның шығармашылығы мен өміріне қатысты қыруар еңбектерді жария етті. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының қыр–сырын ашып, насихаттау жолында Мәшһүртану ҒПО–ның басшысы Жақсыбай Сарбалаев пен орталықтың кіші ғылыми қызметкері Мақпал Аманжолованың мектеп ұстаздары және оқушыларымен атқарған еңбегін атап өтуді жөн көрдік. Бүгінгі санда Павлодар қаласы №19 ЖОББМ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Сәуле Мұхамеджанованың дара да дана тұлға – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы турасындағы ой–толғауын оқырманға ұсынамыз.

Мәшһүр Жүсіп шығармалары – ұрпаққа өнеге

Қазақтың белгілі ақыны, фольклорист тарихшысы, этнограф, педагог ғалымы, қазақ әдеби тілін дамытушылардың бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының кейінгі ұрпаққа берер тәлім-тәрбиелік мәні зор.

Ақын шығармаларындағы ұлттық құндылықтар ғибратқа толы. Ғұлама ақын ауыз әдебиетінен де, ортағасырлық түрік әдебиетінен де, ақын – жырау, би – шешендерден де, үлгі ала отырып өз шығармаларын жазды. Ауыз әдебиеті үлгілерін ешбір өзгеріссіз, тілдік ерекшеліктерді өзгертпей сол қалпы қағазға түсірді. Оның шығармаларында замана келбеті, әлеуметтік мәселелер тереңнен қозғалып жырланады. Сонымен қатар өз төл туындыларында ұлттық салт-дәстүрді насихаттап қана қоймай, ақыл-өсиетке, үлгі-өнеге толы жырларын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

Оның шығармаларының басым бөлігі жастарға арналған. Ұрпақ тәрбиесі – ақын туындыларының басты идеялық мақсаты. Ол өзінің «Өнерпаз», «Бес қымбат», «Бұлақ көзі», «Көрінбес», «Жалқаулар туралы айтқаны», «Ағашсыз жапырақ» т.б. өлеңдерінде адамгершілік қасиеттерді дәріптеп, жақсылыққа үндейді. Жамандықтан, түрлі келеңсіз қылықтардан аулақ болуға шақырады. Әсіресе, надандық, жалқаулық, арамдық, күндестік сияқты жаман мінездерді сынайды. Сабырлылық, қанағатшылдық, әділдік, адалдық, еңбексүйгіштік, жомарттық сияқты асыл қасиеттерді үлгі етеді. Мысалы: «Бес қымбат» өлеңінде:

«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр!» деген,
«Сабырлысы мұратын табар!» деген, –

деп сабырлылық сияқты жақсы мінезді кейінгі ұрпаққа дәріптеп, сабырлы, шыдамды, әдепті болуға үндейді. «Сабыр түбі – сары алтын» дегендей, сабырлы, шыдамды болу көп қиындықтарды жеңуге, кездескен ауыртпалыққа мойымай, төзе білуге үйретеді.

Ал, «Көрінбес» өлеңінде ақын адамның өз міні өзіне көрінбейді, сондықтан «өзімді-өзім білемін!» деп айтуға болмайды. Онда сенің диуанадай айдалада адасқаның болады, – дей келіп, дос туралы:

Анық досың ғайыбыңды айтқан жүзге,
Жанашырды жоқ деп біл онан өзге, –

деп үлкен ой түйеді. Жеткіншек жастарға адал дос пен арам достың ара-жігін ажыратып, дұрыс дос таңдай білуге тәрбиелейді. Адам өмірінде достың алатын орны зор. Адам туысына айта алмаған сырды досына айтады. Сол себепті кінәңді бетіңе айтқан досыңнан теріс айналма, ол сенің нақты жанашырың болып келеді деп ашық айтады. Жаман әдет жалқаулықты да Мәшһүр-Жүсіп Көпеев сынай келіп:

«Балалар, жалқау болмай оқы сабақ,
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.
Айырылса оқу оқып білгенінен,
Біз оны деп айтамыз, арамтамақ», –

деп балаларды жалқау, арамтамақ болмауға, сабақ оқып, білім үйренуге шақырады. Ғылым-білім үйрену – ақын шығармаларының негізгі тақырыптараның бірі. Халықты қараңғылықтан шығарып, алға оздырудың бірден-бір жолы – оқу-білім екендігін баса айтқан Мәшһүр-Жүсіп Көпеев кейінгі жастарға оның мәні мен маңызын айқын көрсетіп берген. Расында да, еліміздің жарқын болашағы білімі мен ғылымы асқан келешек жастардың қолында. Оны әрбір жас ұрпақ ұғына білуі тиіс.

Өнерге, ғылым-білім болсаң жерік,
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік, –

дей отырып, жерлес ақынымыз, ерікті, еркін, тәуелсіз болудың өзі ғылым мен білімге, өнерге байланысты екендігін айтады. Ғылымы мен білімі, өнері асқан еліміздің желбіреген көк туын ешкім төмен түсіре алмайды, тәуелсіздігіне қол сұға алмайды. Ендеше оқу мен білімнің жастар үшін, халық үшін маңызы зор.

С.С.Мухаметжанова,
№19 ЖОББМ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Мәшһүр мәңгі

Өткен күннің ерімейтін белгісі,
Танымынан тауға ұқсайтын кең мүсін,
Желтоқсанның сары аязы қақтаған,
Жоғалмайтын, жаурамайтын жел-құсым.

Баянауыл ойы – жайлау, басы – мұң,
Қайран қазақ, достары аз, қасы мың,
Баянтаудың кеудесінде күмісім,
Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп асылым.

Сен толтырдың алты Алаштың сөз қабын.
Бауырынан бояу алған боздағым,
Заманынан, амалынан озғаным
Нені айтсаң да қазақ жайын қозғадың.

Қалам болды, қағаз болды құралың,
Құғын көрдің, қиындыққа шыдадың.
Нені айтсаң да, не істесең де пырағым,
Кеткен күннен ел есесін сұрадың.

Қарлы аязға, кәрлі оязға тоңбадың,
Іздедің сен алты Алаштың арманын.
Елсіз қалған, жерсіз қалған қазақты,
Қарлығаштай қанатыңмен қорғадың.

Сенің даусың жылдар үзбес жаңғырық,
Айта берер кейінгі ұрпақ ән қылып.
Керекуге кімдер келіп кетпеген,
Тек Мәшекең, Мәшһүр-Жүсіп мәңгілік!

Тынымхан Ақжол,
№19 ЖОББМ 11-сынып оқушысы

ЗАГРАНИЧНЫЙ ОПЫТ



Америка – страна свободы мысли и развития экономики во всех аспектах. Многие мечтают поехать в эту огромную страну попутешествовать, поучиться в университетах или остаться жить. И я расскажу вам о том, как я обучался в США по академической мобильности. Сразу начну с того, что учебный год у них начинается в середине августа, поэтому я и моя одноклассница, которая поехала тоже по этой же программе, начали собирать документы и отправлять необходимые заявления в начале лета. Конечно, чтобы отправиться за рубеж, вы должны предъявить какой-либо документ, подтверждающий ваш соответствующий уровень английского языка для того, чтобы вы смогли посещать лекции и учиться на должном уровне.

В общем, принял нас университет под названием Murray State University, который расположен в небольшом студенческом городке Мюррей, штат Кентукки.

Обучение там проходит полностью на английском языке. В данный университет презжают студенты со всего мира. Многие из них обучаются так же, как и мы, по различным программам обмена студентами. Мюррей является почти полностью студенческим городком. Население составляет около восемнадцати тысяч человек, а количество студентов в университете составляет около одиннадцати тысяч. Для обучающихся, я считаю, что это самая благоприятная обстановка для того, чтобы погрузиться в американскую студенческую жизнь.

Murray State University имеет практически все специальности, которые в свою очередь поделены на определенные группы, то есть на нашем языке факультеты. Например, в одном здании проходят занятия только по экономическим и техническим профессиям, в другом исключительно гуманитарные специальности.

Мне очень понравилось их образовательная система. Нет определенных предметов, который вы обязаны изучить. Есть просто перечень базовых кредитов. Сделав это, у вас есть право взять те дисциплины, которые вы сами хотите. Это могут быть предметы с других специальностей, либо какие-нибудь иностранные языки (китайский, японский, испанский), или даже классы пианино, пения или плавания. Таким образом, если у вас есть действительное желание учиться и, ко всему прочему, сделать свою студенческую жизнь насыщенной и интересной, то все в ваших руках, было бы желание.

Давайте отвлечемся от учебной части и перейдем к развлекательной. Университетский городок состоит из учебных блоков и общежитий, которые находятся на расстоянии пяти минут от друг друга. Видов таких общежитий очень много, отличающихся ценой, качеством и престижом, так как некоторые из них достаточно старые, которые были построены с начала открытия самого университета, другие же реконструктированы, либо вообще недавно сооружены. А если ваш возраст более двадцати одного, то у вас появляется возможность жить вне кампуса, то есть в частном доме.

В кампусе имеется также огромный спортивный комплекс с баскетбольными и волейбольными кортами, тренажерным залом, бассейном и джакузи. Более того, ведутся различные кружки в других спортивных центрах, где вы можете попробовать стрельбу из лука, всем знаменитую йогу и восточные единоборства.

В итоге могу сказать, что данная поездка дала мне очень большой опыт и бесценные знания, и я очень благодарен нашему университету, государству и, конечно, нашему центру академической мобильности во главе с Кундыз Боранбаевной за представленную возможность.

Ерболат Тажкеев,
Группа ИС-302

Білік
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті
Әдебиет әлемі
5

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІЛГІРІ

Ғүние жүзі мәдениеті мен ғылымы тарихында берік орын алған ежелгі Фараб қаласында дүниеге келген Әбу-Насыр Әл-Фараби (870-950) «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» сөз өнерінің өмірді басқару өнеріне тікелей қатысы бар екендігін дәлелдеп, оны ізгілікке жету әдісінің бірі ретінде қарастырады. Сондай-ақ, иландырғыш нақыл сөздер мен сөзімге әсер еткіш нақыл сөздердің көңілге ұялайтындығы соншалық, адамдарды ондағы айтылған жағдайға байланысты әрекеттерді өз еркімен жасауға жігерлендіретінін және оның ойлы сөз айту, шешендікті таныту өнерге деген қабілеттілігіне байланысты болатындығын айтады. Демек, қандай ұлт болмасын, ұлық болсын тек сөз қадірінің табиғатын түсінген сөз зергері ғана кез келген ұлттың сөз табиғатын жете түсініп, ұлықтық пәлсапасын таныта алады Осындай қаламгердің бірі – Ұлы Қазақ Даласының тәлімі мен тағылымымен сусындап, Абайы мен Арыстарының сөз өнегесін тұмарындай ұстаған,,ой – пейілі мен жаны қазақи, Қазақ Елінің тарихына, мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне шынайы махаббатпен терең бойлаған, шығыс және батыс мәдени дәстүрін біріктіре алатын дарынды талант иесі, бүгін де сексеннің сеңгіріне шығып отырған Герольд Бельгер есімі барша қазақ халқына танымал екені сөзсіз.

Г. Бельгер қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуге үлкен үлес қосты. Көптеген романдар, повестер, әңгімелер мен әдеби-сыншылық жұмыстарды терең зерделеген іздемпаз қаламгер. Олар: «Сосновый дом на краю аула», «Даладағы шағала», «Живые предметы родства», «Гете и Абай», «Казахское слово», «Дом скитальца», «Казахские арабески» және т.б. Б.Майлин, Ә.Нұрпейісов, А.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов және т.б. қазақ әдебиетінің белгілі классиктерінің бірқатар шығармаларын орыс тіліне аударған. Сондай-ақ, А.Реймген, Э.Кончак, Н.Ваккер және т.б неміс жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударған қарымды жазушы.

АБАЙ МЕН ГЕТЕ

